

Бекітемін:

Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрлігі

«Д.Серікбаев атындағы
Шығыс Қазақстан мемлекеттік

техникалық университеті» ШЖҚ РМК

Шаймарданов Жасулан Кудайбергенович

24.06.2019 ж. № 295-П

«25» 06 2019 г.



Конкурстық құжаттама

Сатып алынатын тауардың тізімі :

Лот №	Тауар атауы	Лот бағасы ҚҚСпен қоса, теңге
1	Микродоғалық оксидтеу желісі	16 793 000
	Барлығы:	16 793 000

Тапсырыс беруші: Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
«Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік техникалық университеті» ШЖҚ
РМК

Занды мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Өскемен қаласы, Серікбаев көшесі, 19.

БСН: 010440002379 Банк реквизиттері: «Сбербанк» АҚ ЕБ ЖСК: KZ70914102203KZ000DL БСК: SABRKZKA Есепшот валютасы: KZT КБе: 16	SB SBERBANK JSC, ИИК:KZ03914102203US0005L, SWIFT: SABRKZKA, есепшот валютасы: USD, SB SBERBANK JSC, ИИК:KZ29914102203EU0002S, SWIFT: SABRKZKA, есепшот валютасы: EUR
--	---

Тапсырыс беруші өкілі: Гавриленко Олег Дмитриевич

ЖСН: 611230300526

Қызметі: Д. Серікбаев атындағы ШҚМТУ ШЖҚ РМК Ғылым және халықаралық
ынтымақтастық жөніндегі проректоры

Байланыс телефоны: 8(7232) 260540

E-mail: ogavrilenko@ektu.kz

Ұйымдастырушы: Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
«Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік техникалық университеті» ШЖҚ РМК

Занды мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Өскемен қаласы, Серікбаев көшесі, 19.

БСН: 010440002379

Банк реквизиттері: «Сбербанк» АҚ ЕБ

ЖСК: KZ70914102203KZ000DL

БСК: SABRKZKA

Есепшот валютасы: KZT

КБе: 16

Конкуртық комиссия хатшысы: Құсманов Ернар Мейрханұлы

ЖСН: 880608302485

Қызметі: ТКС инженері.

Байланыс телефоны: 8(7232) 614895 E-mail: ptsf.vkgtu@mail.ru

1. Жалпы ережелер

1. Конкурс ұсынылып отырған конкурс ережелеріне сәйкес өнім берушіні(лерді) таңдау мақсатында өткізіледі.

2. Конкурстық құжаттама (ары қарай – КҚ) келесіні қамтиды:

1) осы КҚ-ның 1-қосымшасына сәйкес сатып алынатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) тізбесін;

2) осы КҚ-ның 1.1 қосымшасына сәйкес, ҚР ұлттық немесе үкіметтік емес стандарттары көрсетіле отырып, егер ондайлары бар болса, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің сипаты мен талап етілетін техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамасы. Сонымен қатар техникалық сипаттамасы техникалық реттеу саласындағы ҚР заңнамасында белгіленген талаптарға қайшы келмеуі керек. Қажет болған жағдайда техникалық сипаттамасында нормативті-техникалық құжаттамасы көрсетіледі;

3) ереженің 9 бөліміне сәйкес сатып алынатын конкурсқа қатысу туралы келісім,

4) ереженің 7 қосымшаларына сәйкес тауарларды беру (жұмыстарды орындау, көрсетілетін қызметтер көрсету) үшін әлеуетті өнім берушінің біліктілігі туралы мәліметтерді;

5) аталған конкурсқа бөлінген сома, 16 793 000 (*он алты миллион жеті жүз тоқсан үш мың*) теңге.

6) Конкурсқа қатысуға ниет білдірген әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға өтініммен қоса тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу үшін бөлінген соманың бір проценті мөлшерінде конкурсқа қатысуға арналған өтінімді мынадай банктік шотқа орналастырылатын ақшаның кепілдік берілген ақшалай жарнасын қамтамасыз етуді төменде санамаланған нысандардың бірінде енгізеді:

«Сбербанк» АҚ ЕБ, ЖСК: KZ70914102203KZ000DL, БСК: SABRKZKA, есепшот валютасы: KZT,

SB SBERBANK JSC, ИИК:KZ03914102203US0005L, SWIFT: SABRKZKA, есепшот валютасы: USD,

SB SBERBANK JSC, ИИК:KZ29914102203EU0002S, SWIFT: SABRKZKA, есепшот валютасы: EUR

7) қағаз тасымалдағыштағы банк кепілдемесі. Қағаз тасымалдағыштағы банк кепілдемесі берілген кезде, банк кепілдемесінің түпнұсқасы конкурсқа қатысуға тапсырыстар қабылдаудың мерзімі аяқталғанға дейін, ұйымдастырушыға тапсырылады.

3. Конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз ету мерзімі конкурсқа қатысудың негізгі тапсырысының мерзімінен кем болмауы керек.

2. Конкурсқа қатысуға өтінімді ресімдеуге қойылатын талаптар

1. Конкурсқа қатысуға өтінім қағаз жеткізгіште беріледі және конкурсқа қатысуға үміткер әлеуетті өнім берушінің осы КҚ-да көзделген талаптар мен шарттарға сәйкес тауарды(ларды) беруді жүзеге асыруға келісім беру нысаны, сондай-ақ әлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптары мен шектеулерге сәйкестігін растайтын мәліметтерді алуға келісімі болып табылады.

2. Әлеуетті өнім беруші өтінімді қалыптастыру алдында қосымшаға және Ережеге сәйкес конкурсқа қатысу туралы келісім қабылдайды.

3. Конкурсқа қатысуға өтінім мыналарды қамтуға тиіс:

4. - сатып алынатын тауарлардың, оның ішінде тауар таңбаларына, қызмет көрсету белгілеріне, фирмалық атауларына, патенттерге, пайдалы модельдерге, өнеркәсіптік үлгілерге, тауардың шығарылған жерінің атауына және өндірушінің атауына және Ереженің қосымшаларына сәйкес нысандар бойынша өзге де сипаттамаларға көрсетілген функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары бар техникалық ерекшелік;

Лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алуды қоспағанда, әлеуетті өнім берушілердің аукционға қатысуға өтінімдерінде дайындаушы зауыттардан хаттардың, Техникалық паспорттардың, өнімнің сәйкестік сертификаттарының, сатып алынатын тауарлардың үлгілерінің болуы туралы талап етуге жол берілмейді.

- құқықтық қабілеттілігін (заңды тұлғалар үшін), азаматтық қабілеттілігін (жеке тұлғалар үшін) растайтын нотариалды куәландырылған құжаттар);

- лицензиялардың және/немесе патенттердің, куәліктердің, сертификаттардың, дипломдардың, әлеуетті өнім берушінің сатып алынатын тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді өндіруге, қайта өңдеуге, жеткізуге және өткізуге құқығын растайтын басқа да құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелері;

заңды тұлға ұсынуға тиіс:

- заңнамада белгіленген тәртіппен бекітілген Жарғының нотариалды куәландырылған көшірмесі. Қазақстан Республикасының резидент еместері нотариалды куәландырылған, мемлекеттік және (немесе) орыс тілдеріне аудармасымен, сауда тізілімінен заңдастырылған үзінді көшірмені ұсынуға тиіс;

- заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің нотариалды куәландырылған көшірмесі. Егер заңды тұлға қызметін заңнамада белгіленген тәртіппен бекітілген Үлгі жарғы негізінде жүзеге асырса, онда мемлекеттік тіркеу туралы өтініштің нотариалды куәландырылған көшірмесі;

- құрылтайшы немесе құрылтайшылардың құрамы туралы мәліметтерді қамтитын құрылтай құжаттарынан (егер жарғыда құрылтайшылар немесе құрылтайшылардың құрамы туралы мәліметтер қамтылмаған жағдайда) нотариалды куәландырылған үзінді не конверттерді ашу күнінің алдындағы бір айдан кейін берілген акцияларды ұстаушылардың тізілімінен нотариалды куәландырылған үзінді;

- құрылтайшының атқарушы органды сайлау туралы шешімінің (хаттамасының) нотариалды куәландырылған көшірмесі және оны директор етіп тағайындау туралы бұйрық;

жеке тұлға ұсынуға тиіс:

- тиісті мемлекеттік орган берген заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға құқық беретін құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;

- жеке куәліктің (паспорттың) нотариалды куәландырылған көшірмесі;);

- төлем қабілеттілігін растайтын құжаттар:

- Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының қаулысымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктердегі, кредиттік серіктестіктердегі және ипотекалық компаниялардағы бухгалтерлік есеп шоттарының үлгі жоспарына сәйкес банктің немесе банк филиалының алдындағы міндеттемелерінің барлық түрлері бойынша анықтама берілген күннің алдындағы үш айдан астам созылған мерзімі өткен берешектің жоқтығы туралы әлеуетті өнім берушіге Қызмет көрсетілетін банктің немесе банк филиалының қолы және мөрі бар анықтаманың түпнұсқасы (егер әлеуетті

өнім беруші Екінші деңгейдегі бірнеше банктің немесе Анықтама әлеуетті өнім берушінің конкурс туралы ақпаратты алған күнінен ерте емес берілген күнгі жағдай бойынша берілуі тиіс;

- үш айдан астам (төлеу мерзімі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұзартылған жағдайларды қоспағанда) салық берешегінің және міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша берешегінің жоқтығы туралы не бір теңгеден кем салық берешегінің және міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша берешегінің болуы туралы тиісті салық органының белгіленген нысандағы анықтамасының түпнұсқасы;;

- әлеуетті өнім берушіде материалдық, қаржылық және еңбек ресурстарының болуын растайтын құжаттар;

- сатып алу процесіне қатысу үшін біліктілігі туралы мәліметтер.

4. Әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысы Ереженің 14.1 тармақшасына сәйкес.

5. Конкурстық өтінімнің қолданылу мерзімі конкурстық өтінімдер ашылған күннен бастап кемінде 30 күнтізбелік күнді құрауы тиіс.

6. Конкурсқа қатысуға өтінімде қамтылған құжаттардың көшірмелері бейненің түсіне қарамастан, анық және анық болуға тиіс.

7. Әлеуетті өнім беруші дайындаған конкурсқа қатысуға өтінім, сондай-ақ конкурсқа қатысуға өтінімге қатысты барлық хат-хабарлар мен құжаттар өзекті нақты және заңды мекен-жайлары көрсетіле отырып, қазақ немесе орыс тілдерінде жасалады және ұсынылады.

8. Оларды әлеуетті өнім беруші басқа тілде жасаған және ұсынған жағдайда, оларға нақты (нотариалды куәландырылған) аударма қоса беріледі.

3. Конкурсқа қатысуға өтінім беру реті

1. Конкурсқа қатысуға өтінімді әлеуетті өнім беруші тапсырыс берушіге тігілген түрде, нөмірленген беттерімен береді және соңғы бетіне оның қолы және мөрі қойылып куәландырылады да конвертке салынып жабық күйде жіберіледі.

2. Әлеуетті өнім берушілер ұсынған конкурсқа қатысу өтінімдері тапсырыс беру журналына тіркеледі.

3. Әлеуетті өнім берушінің бағалық ұсынысы теңгемен берілуі тиіс.

4. Конкурсқа қатысудан бас тарту

1. Әлеуетті өнім беруші өзінің конкурсқа қатысуға өтінімін конкурстық өтінімдерді берудің соңғы мерзімі біткенге дейін өзі енгізген қамтамасыз етуді қайтарып алу құқығын жоғалтпастан, өзінің конкурсқа қатысудан бас тартуға құқылы.

2. Конкурсқа қатысуға өтінім берудің соңғы мерзімі аяқталғаннан кейін конкурсқа қатысуға өтінімдерді қайтарып алу сияқты, оларға өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізуге жол берілмейді.

3. Әлеуетті өнім беруші өзінің конкурсқа қатысуға қатысты барлық шығындарын өзі көтереді. Тапсырыс беруші, ұйымдастырушы, конкурстық комиссия, эксперттік комиссия бұл шығындар бойынша, конкурс нәтижесі қандай болған жағдайда да міндеттеме алмайды.

5. Конкурсқа қатысуға берілген өтінімдерді ашу

1. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді ашуды конкурстық комиссия конкурсқа қатысуға өтінім берудің соңғы мерзімі аяқталғаннан кейін, белгіленген күні жүргізеді. Егер конкурсқа тек бір тапсырыс қана берілсе, бұндай өтінім де ашылып қаралады.

2. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді ашу хаттамасы конкурстық комиссия шешім шығарғаннан кейін элетронды поштамен жіберіледі.

3. Конкурсқа қатысуға өтінім берген әлеуетті өнім берушілерге конкурстық комиссия шешімі қолына тиген мерзімнен бастап, әлеуетті өнім берушінің қалауы бойынша, аталған конкурсқа қатысушылардың өтінімдерімен танысу мүмкіндігі беріледі.

6. Конкурса қатысу өтінімдерін қарау

1. Конкурса қатысу туралы өтінімдер конкурстық комиссиямен конкурса қатысатын үміткерлердің ішінен әлеуетті жеткізушілерді квалификациялық талаптарға және конкурстық құжаттама талаптарына сай келетіндерін таңдап алу үшін қарастырылады.

2. Қажет болған жағдайда сатып алуды ұйымдастырушы конкурстық комиссияның сараптама комиссиясын құруға немесе конкурса қатысуға үміткер әлеуетті жеткізушілер ұсынған тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің сәйкестігі туралы сараптамалық қорытынды жасауға, конкурстық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшелікті анықтауға құқылы.

3. Конкурстық комиссияның шешім қабылауы кезінде сарапшылардың дауыс беру құқығы жоқ. Сонымен бірге заңсыз шешім қабылданғаны үшін сарапшылар қорытынды жасағаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

4. Конкурса қатысуға өтінімдерді қарау кезінде конкурстық комиссия құқығы бар:

1) конкурса қатысуға өтінім берушілерден конкурса қатысуға өтінімдерді сараптауға, бағалауға және салыстыруды жеңілдету мақсатында жазбаша нысанда материалдар мен түсініктемелер сұратуға;

2) конкурса қатысуға өтінімдерде қамтылған ақпаратты нақтылау мақсатында тиісті мемлекеттік органдардан, жеке және заңды тұлғалардан қажетті ақпаратты сұратуға.

5. Конкурстық комиссия, конкурстық өтінімде өтінімнің мазмұнын бұзбайтын түзетілуі мүмкін грамматикалық немесе арифметикалық қателері бар болса бірақ, конкурстық құжаттаманың талаптарын қанағаттандыратын болса қарастырады.

6. Конкурса қатысуға үміткер әлеуетті жеткізуші конкурса қатыса алмайды (конкурстың қатысушысы бола алмайды), егер:

1) Ол және (немесе) оның қосалқы мердігері немесе бірлесіп орындаушысы квалификациялық талаптарға сай емес деп танылса;

2) Егер әлеуетті жеткізуші осы тармақтың 1) тармақшасында көзделген негіздер бойынша конкурса қатысуға жіберілмесе, онда:

3) конкурс тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алудың қорытындылары туралы хаттамада оны осындай өтініш берген әлеуетті жеткізушіге беруден бас тарту себептерін көрсетеді.

7. Конкурса қатысу өтінімдерін растыру нәтижесінде конкурстық комиссия анықтайды:

1) квалификациялық талаптарға және конкурстық құжаттамаға сай келетін әлеуетті жеткізушілерді;

8. Конкурса қатысуға рұқсат туралы хаттама отырысқа қатысқан барлық мүшелермен, сондай-ақ конкурстық комиссияның хатшысымен қол қойылады.

9. Конкурсты ұйымдастырушы конкурса қатысу туралы өтінім хаттамасының көшірмесін конкурса көрсетілген мерзімде өтінімдерін жіберген әлеуетті жеткізушілерге хаттамаға қол қойылғаннан кейін бір жұмыс күні ішінде жібереді.

10. Конкурстық комиссия КҚ талаптарына сәйкес келмейтін конкурса қатысу өтінімінің енгізілген қамтамасыз етуін мойындайды, егер:

1) банк кепілдемесі түрінде ұсынылған конкурса қатысу өтінімін қамтамасыз етудің әрекет ету мерзімі жеткіліксіз болса;

2) конкурса қатысу өтінімін қамтамасыз ету дұрыс ресімделмей, қажетті мәліметтер жоқ болғандықтан, конкурстық комиссияның анықтауы мүмкін емес:

- конкурса қатысу өтінімін қамтамасыз етуді берген тұлғаны;

- конкурс тәсілімен жүзеге асырылып, сатып алынатын тауарлардың аталуын, бұған қатысу үшін конкурса қатысу өтінімін қамтамасыз ету банк кепілдемесі түрінде енгізіледі;

- конкурса қатысу өтінімін қамтамасыз етудің әрекет ету мерзімін, оны банк кепілдемесі түрінде ұсыну шарттары және (немес) конкурса қатысу өтінімін қамтамасыз ету сомасын;

- конкурса қатысу өтінімін қамтамасыз ету берілген тұлғаны;

- конкурса қатысу өтінімінің қамтамасыз етілуі соның пайдасына енгізілетін тұлғаны;

3) конкурса қатысу өтінімін қамтамасыз етуді конкурса бөлінген соманың бір пайызынан кем мөлшерде. Тиынмен есептелген қамтамасыз ету сомасы тиындар сомасына қарамастан бір теңгеге дейін жинақталады.

11. Басқадай негіздер бойынша КҚ талаптарына сәйкес келмейтін конкурсқа қатысу өтінімінің енгізілген қамтамасыз етуін мойындауға тыйым салынады.

12. Конкурстық комиссия конкурсқа қатысуға рұқсат беру шешімінің хаттамасында КҚ талаптарына сәйкес келмейтін конкурсқа қатысу өтінімінің енгізілген қамтамасыз етуін мойындау себебін атап көрсетеді. Әлуатті жеткізушінің Ереже негіздемелері бойынша біліктілік талаптарына сәйкес емес екендігін мойындау, конкурстық комиссия конкурсқа қатысу өтінімінің енгізілген қамтамасыз етуін әрекеттегі КҚ талаптарына сәйкес келтінін мойындайды, егер конкурсқа қатысу өтінімін қамтамасыз етуі соманың бір және одан артық пайызы мөлшерінде енгізілген болса.

13. Әлуатті жеткізушінің конкурсқа қатысуына рұқсат берілмейді (конкурс қатысушысы деп мойындапқан), егер:

1) ол және (немесе) оның субмердігері не болмаса бірлесіп орындаушысы біліктілік талаптарына сәйкес емес деп анықталса;

2) «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 6-бабында қарастырылған сатып алуға қатысумен байланысты шектеулері бар болса;

3) егер оның конкурсқа қатысу өтінімі КҚ талаптарына сәйкес келмейді деп анықталса, соның ішінде, егер ол КҚ талаптарына және Ережеге сәйкес конкурсқа қатысу өтінімін қамтамасыз етуді ұсынбаған болса.

14. Конкурстық комиссия конкурсқа қатысу өтінімін қайтадан қараған кезде, конкурсқа қатысуға алдын-ала рұқсат беру шешімінің хаттамасында ескерілген негіздемелер бойынша әлуатті жеткізушілерді қабылдамауға тыйым салынады.

15. Біліктілік талаптарына және КҚ талаптарына сәйкестендірілген конкурсқа қатысу өтінімдерін қайтадан қарау нәтижелері бойынша әлуатті жеткізушілердің біліктілік талаптарына және КҚ талаптарына сәйкестендірілген конкурсқа қатысу өтінімдерін қайтадан ұсынудың ең соңғы күнінен бастап 1 күнтізбелік күн ішінде конкурсқа қатысуға рұқсат беру шешімінің хаттамасы ресімделеді.

16. Конкурсқа қатысуға рұқсат беру шешімінің хаттамасына конкурстық комиссияның шешімі қоса беріледі.

7. Конкурстық баға ұсыныстарын бағалау және сәйкестендіру (конкурс)

1. Екі кезеңдік процедураны қолданып, конкурсқа қатысуға рұқсат беру шешімінің хаттамасында белгіленген күні, конкурсқа қатысуға рұқсат алған әлуатті жеткізушілер (конкурс қатысушылары), сатып алуды Ұйымдастырушыға Конкурстық баға ұсыныстарын береді, олар сатып алуды Ұйымдастырушының тиісті журналында тіркеледі.

Конкурстық комиссияның конкурсқа қатысуға рұқсат алған әлуатті жеткізушілердің (конкурс қатысушыларының) конкурстық баға ұсыныстарын бағалау және сәйкестендіру отырысына, осындай әлуатті жеткізушілердің өкілдері де қатыса алады.

2. Баға ұсыныстарының мәніне қойылатын талаптар: әлуатті жеткізушінің баға ұсынысында тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің бірлігі үшін қойылатын бағасы, сондай-ақ ҚҚС-пен, оған қосылған тасымалдау мен сақтандыру шығындары, кеден баждары, басқа салықтар, басқа алымдар, сондай-ақ тауарлар жеткізу, жұмыстар орындау, қызметтер көрсету шарттарымен ескерілген өзге шығындар ескеріліп, жалпы/қорытынды бағасы болу керек; әлуатті жеткізушінің баға ұсынысында ұсынылған тауарлар, жұмыстар мен қызметтердің жалпы/қорытынды бағасына жасалған шегерім, сондай-ақ балама шарттар ескеріліп, тауарлар, жұмыстар мен қызметтердің жалпы/қорытынды бағасына жасалып ұсынылған шегерім болады. Егер әлуатті жеткізуші Тапсырыс берушінің конкурстық құжаттамада нақтыланған шарттары негізінде және (немесе) балама шарттар кезінде жасалған шегерімді ұсынатын болса, онда баға ұсынысында аталған шегерімдер; әлуатті жеткізушінің тендер (лот) бойынша бағаны төмендетуге бір қосымша баға ұсынысын беру мүмкіндігі туралы құқығына жасалған сілтеме, тиісті тендер (лот) атауы көрсетіліп, және де талаптарға сәйкестілігі ескеріліп, жалпы/қорытынды бағасы болу керек. Бағаны төмендетуге қосымша баға ұсынысы тендерге қатысу бойынша барлық өтінімдер мәні жарияланған соң және конкурстық комиссия төрағасының тиісті хабарландыруынан кейін беріледі.

Тапсырыс берушіге әлуатті жеткізуші жалпы/қорытынды бағасына конкурстық құжаттамада және (немесе) баламалы жағдайлар анықталса жеңілдік берген жағдайда бағалық ұсынымда көрсетілген жеңілдік есептелген жалпы/қорытынды бағасы болуы тиіс; әлуатті жеткізушінің тиісті тендер (лот) атауын көрсете отырып және талаптарды қанағаттандыруды көрсете отырып, конкурс (лот) бойынша бағаны төмендету үшін қосымша баға ұсынысын ұсынуы.

Бағаны төмендетуге қосымша бағалық ұсыным тендерге қатысу өтінімдерінің барлығын және сәйкес хабарландырулар жарияланғаннан кейін қол қойылады. Егер әлеуетті жеткізушінің бағасын төмендету туралы қосымша баға ұсынысы конкурсқа қатысуға өтінімнің бөлігі ретінде ұсынылған баға ұсынысынан жоғары болса, конкурстық комиссия осы қосымша баға ұсынысын ескермейді.

3. Конкурстық комиссия конкурсқа қатысуға жіберілген әлеуетті жеткізушілердің (конкурсқа қатысушылардың) конкурстық баға ұсыныстарын қабылдамайды, келесі жағдайларда:

- бәсекеге қабілетті баға ұсынысы осы тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алуға бөлінген сомадан асып түссе.

4. Конкурстық комиссия конкурстың жеңімпазын тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің ең жақсы сапасымен және технологиялық сипаттамасымен немесе ең төмен баға негізінде анықтайды. Конкурстық баға ұсыныстарын бағалау және салыстыру нәтижелері бойынша екінші орын алған конкурстың қатысушысы ең төменгі шартты бағадан кейін бағаның негізінде анықталады.

Егер конкурстық баға ұсыныстарының шартты бағалары немесе жеткізілетін тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің сапасы мен технологиялық сипаттамалары бірдей болса, конкурстың мәні болып табылатын тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің ұқсас түрлерін сатуда тәжірибесі мол жеткізуші жеңімпаз атанады. Егер тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің ұқсас түрлерін сатуда тәжірибесі мол, шартты бағалары бірдей бірнеше жеңімпаз болса, онда конкурсқа қатысуға өтінімін бірінші болып берген әлеуетті жеткізуші жеңімпаз болып табылады.

8. Конкурсқа қатысу өтінімдерін қамтамасыз етуді қайтару

1. Ұйымдастырушы әлеуетті жеткізушіге енгізілген конкурсқа қатысу өтінімдерін қамтамасыз етуді төмендегі жағдайлардыңбіреуі болса, 3 (үш) күн ішінде қайтарады:

1) конкурсқа қатысу өтінімін ұсынудың соңғы уақыты болғанға дейін әлеуетті жеткізуші өзінің өтінімін қайтарып алса;

2) конкурсқа қатысуға арналған хаттамаға қол қойылса. Көрсетілген жағдай конкурстың қатысушысы болып бекітілген әлеуетті жеткізушілерге таратылмайды;

3) конкурс тәсілімен сатып алу қорытындысы туралы хаттамаға қол қойылғаннан кейін. Көрсетілген жағдай конкурстың қатысушысы болып бекітілген әлеуетті жеткізушілерге таратылмайды;

4) КҚ көрсетілген сатып алу туралы келісім-шарт күшіне енсе және сатып алу келісім-шартын орындайтын конкурс жеңімпазы енгізілсе.

2. Конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді ұйымдастырушы қайтармайды келесі жағдайларда:

1) конкурстың жеңімпазы болып табылған немесе екінші орын алған әлеуетті жеткізуші сатып алу туралы келісім-шарт жасасудан бас тартса;

2) конкурстың жеңімпазы болып табылған немесе екінші орын алған әлеуетті жеткізуші сатып алу туралы келісім-шартын КҚ көрсетілгендей орындама немесе дұрыс емес орындаса және (немесе) уақытылы орындамаса.

9. Конкурс қорытындысы бойынша сатып алу туралы келісім-шарт

1. Сатып алу туралы келісім-шарт (бұдан әрі – келісім-шарт) жеткізуші мен тапсырыс беруші арасында қағаз түрінде жасалады. Тапсырыс беруші жеңімпазға Ереженің қосымшаларына сәйкес стандартты келісім-шартқа сәйкес жасалған келісім-шарт жобасын жібереді.

2. Әлеуетті жеткізуші тиісті келісім-шартты алғаннан бастап үш күнтізбелік күн ішінде келісім-шартқа қол қоятын тұлға туралы ақпаратты, жеткізуші реквизиттерін толтырады және келісім-шартқа қол қояды.

3. Егер жеңімпаз атанған әлеуетті жеткізуші келісім-шарт жобасын белгіленген уақытта қол қоймаса, тапсырыс беруші жеңімпаздың келісім-шартты жасапаған күннен бастап екі күн ішінде конкурс қорытындысы бойынша екінші орын алған қатысушыға келісім-шарт жобасын жібереді.

4. Екінші орын алған әлеуетті жеткізушімен келісім-шарт жобасын алған күннен бастап үш күнтізбелік күн ішінде қол қойылады.

5. Егер екінші орын алған әлеуетті жеткізушімен келісім-шарт жобасына белгіленген уақытта қол қойылмаса тапсырыс беруші қайта конкурс жариялайды.

6. Жеткізуші келісім-шарт жасасқаннан кейін он жұмыс күн ішінде келісім-шартты орындауды қамтамасыз етеді.

7. Келісім-шартты орындауды қамтамасыз ету мөлшері сатып алуды ұйымдастырушымен келісім-шарттың жалпы соммасына үш пайызы мөлшерінде белгіленеді.

8. Жеткізуші төмендегі келісім-шартты орындауды қамтамасыз етудің түрлерін таңдауға құқылы:

1) Тапсырыс берушінің банктік есеп шотына немесе мемлекеттік орган және мемлекеттік ұйым болып табылатын Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамасымен көзделген шотқа кепіл ақшалы төлем енгізу арқылы;

2) қағаз нұсқадағы банктік кепілдеме.

Тапсырыс беруші жеткізушіге келісім-шартта көрсетілген мерзімде немесе жеткізушінің келісім-шарт бойынша өзінің міндеттерін толық орындағаннан кейін бес жұмыс күндері ішінде енгізілген қамтамасыз етуді қайтарады.

9. Жеткізушіге келісім-шарт бойынша міндеттемелердің толық орындалуына дейін үшінші тұлғалардың кепілдік ақша үлесін толық немесе ішінара талап ету құқығының туындауына әкелетін іс-әрекеттер жасауға жол берілмейді..

10. Келісім-шартты орындауды қамтамасыз ету, және де қамтамасыз ету соммасы демпингке қарсы шараларды (болған жағдайда) қабылдаған жағдайда сатып алуды ұйымдастырушымен жеткізушіге келісім-шарт міндеттерін орындамағандығы үшін, немесе дұрыс орындамаған үшін келісім-шарт бұзылған жағдайда қайтарылмайды.


11. Келісімшарт бойынша тауарларды жеткізудің минималды мерзімі тауарларды жеткізу, оның ішінде оны өндіру (дайындау), жеткізу мерзімінен аз болмауы тиіс.

12. Егер жеңімпаз атанған немесе екінше орын алған әлеуетті жеткізуші КҚ көрселген мерзімде қол қойылған келісім-шартты ұсынбаса немесе келісім-шартты жасасып тұрып келісім-шартты орындауды қамтамасыз етуді және (немесе) сомманы КҚ 6 және 7 баптарына сәйкес енгізбесе онда бұл әлеуетті жеткізушілер келісім-шартты жасасудан бас тартқан болып есептелінеді.


13. Егер жеңімпаз атанған (екінші орын алған әлеуетті жеткізуші), келісім-шартты жасасудан бас тартқан әлеуетті жеткізуші болып танылса сатып алуды ұйымдастырушы онымен енгізілген конкурсқа қатысуөтінімін қамтамасыз ету ұстап қалады.

КЕЛІСІЛДІ:


Ғылыми жұмыстар және инновациялар
жөніндегі проректор

 О. Гавриленко
24.06. 2019 ж


ҒЗЖЖИК басқармасының бастығы

 Д. Окасов
24.06. 2019 ж


Бас бухгалтер

 Н.Всяких
24.06. 2019 ж

Заң бөлімінің бастығы

 Д. Черкашина
24.06. 2019 ж

«VERITAS» озық даму орталығының бастығы


 Н. Куленова
24.06. 2019 ж

«VERITAS» озық даму орталығының ғылыми

қызметкері


Б. Азаматов
24.06 2019 ж


«VERITAS» озық даму орталығының бас
ғылыми қызметкері


С. Плотников
24.06 2019 ж

"Металлургия және пайдалы қазбаларды
байыту" кафедрасының меңгерушісі


Ж. Оналбаева
24.06 2019 ж

"Сәулет-құрылыс факультеті" кафедрасының
доценті


С. Миргородский
24.06 2019 ж